

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

“Торғай” газеті және Ә.Балғынбаев

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.02.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/130946/

Балғымбаев Әбдіғали педагог, қазақ-орыс мектептерін ұйымдастырушыларының бірі. Торғай газетінің басқарушысы. Газетке өзгелердің мақалаларын шығарып қана қоймай, өзінің туындыларын жариялап тұрған. Қазақ тіліндегі мақалаларды орыс тіліне аударған. Ал, халық ертегілері мен аңыз әңгімелерін орыс тіліне аударып жариялап отырған. 1895 жылы 45 нөмірінде «Қарабұт-ғы қыздардың орыс-қазақ училищесінің ашылуы» мақаласынан Ә.Балғынбаевтың публицистік қызметі басталды. Әйгілі журналист Ә.Балғынбаевтың журналист қызметінен толық ақпарат біле алмасақта, Қазақ Совет Энциклопедиясында журналист жайлы 1-2 сөз айтыла өткен: «Торғай облыстық ведомстволары» газетінің редакторы (1902) Ә.Балғынбаев тек әкімшілік жұмыспен ғана айналыспай өзі де жиі-жиі мақалалар жазып тұрды. Қазақ тіліндегі материалдарды орыс газеттеріне аударып беріп отырды».

1879 жылы Орынборда облыстық газетті құрылып, 1895 жылы “Тургайская газета” атпен ресми емес газет шығып тұрған болатын. Бұл шығарылым 15 жылға созылды. Бәрімізге мәлім “Торғай” газетінің тарихы терең. Аталмыш газетте ұлы тұлғалардың еңбектері жарияланып отырған. Ы.Алтынсарин мен Ш.Уәлиханов секілді тұлғаларды атап өтсек болады. “Торғай” газетінде қазақ тіліндегі мақалалар көпшілік. Қазақ тілінде мақалалар жариялау алғаш осы “Торғай” газетінен басталған.

Кокеева Нұрханым ҚазҰУ, журналистика факультеті 1-курс

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.